

## БАЛАНЫң БАЛАБАҚШАГА БЕЙІМДЕЛУІ



Кез келген жастағы бала балабақшада бейімделу кезеңінен өтеді. Жаңа әрі бейтаныс орта, жекелеген ережелер – бала үшін таңсық, жағдай.

Сондықтан баланың ұжымға деген сенімін қалыптастырып, жаңа ортага тарту үшін балабақша педагогтары мен ата-аналардың бірлескен үйлесімді әрекетінің маңызы зор.

### БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІНІҢ МЕЙЛІНШЕ ЖЕҢІЛ ӨТУІНЕ КӨМЕКТЕСЕТИН ҰСЫНЫСТАР:

- балабақшага деген сенімді, оң көзқарас маңызды
- демалыс күндері үйде балабақша режимін ұстаныңыз
- баламен ұзақ қоштаспаңыз – бұл баланың алаңдауын туғызады, сондықтан өзінізді сенімді және сабырлы ұстаныңыз
- жақсы көретін ойыншығын алып келіңіз
- мультфильм, телебағдарлама көруді азайтыңыз
- баламен қоштасып тұрып, оған міндетті түрде оралатыңызды айттыңыз
- үйде балаңызben «балабақша» ойнының ойнап көрініз
- балаға көбірек уақыт бөлініз, бірге серуендей, бірге кітап оқыңыз
- балаға жақсы көретінізді үнемі айттып отырыңыз
- тәрбиешілермен тығыз байланыс орнатыңыз
- тәрбиешіге баланың әдептері мен бейімділігі туралы хабарлаңыз
- жиі құшақтап, бауырыңызға басыңыз, еркелетіңіз

**!** Балабақшага бейімделу орта есеппен 1-2 айға созылады, кей жағдайда бұл кезең алты айға немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Бұл баланың мінезіне, темпераментіне және денсаулық жағдайына байланысты.



### БАЛАБАҚШАГА КЕЛГЕН КЕЗДЕ БАЛА БІЛУІ КЕРЕК:



орындыққа өздігінен  
отыра алу



шыныаяқтан  
өздігінен іше алу



қасықты қолдана білу



киінуді, жуына білу

### БАЛАБАҚША ЖАҒДАЙЫНА АУЫР БЕЙІМДЕЛУДІҢ СЕБЕПТЕРІ:



отбасында балабақша  
күн тәртібіне сәйкес келетін  
режимнің болмауы



бала ойыншықпен  
ойнай алмауы



баланың ерекше  
әдептерінің болуы



Қарапайым мәдени-гигиеналық,  
дағдылардың қалыптаспауы



бейтаныс адамдармен  
қарым-қатынас орната алмауы

### БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІНЕ ТӘУЕЛДІ ФАКТОРЛАР:

жасы

денсаулық, жағдайы

даму деңгейі

ересектермен және  
құрдастарымен  
қарым-қатынас  
жасау қабілеті

заттық, және  
ойын әрекетінің  
қалыптасуы



үй режимінің  
балабақша күн тәртібіне  
жақындығы

Балаңызға сүйіспеншілігіңіз берілген  
қамқорлығыныңда көрсетінің, шыдамды  
болыңыз!